

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің
«№5бөбекжайы» КМҚК

Аналар мектебі

Тақырыбы: «Шебер ана – өнегелі ұрпақ»

Қостанай, 2026 жыл

Тақырыбы: «Шебер ана – өнегелі ұрпақ»

Мақсаты:

Қолөнер арқылы ананың бала тәрбиесіндегі рөлін көрсету, ұлттық қолөнерге қызығушылықты арттыру, ана мен бала арасындағы шығармашылық байланысты нығайту.

Міндеттері:

- Қазақтың ұлттық қолөнерін насихаттау;
- Аналардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Ана мен баланың бірлескен еңбегін қолдау;
- Отбасылық құндылықтарды дәріптеу.

Өтетін айы: Ақпан

Түрі: Шеберлік сағаты, шығармашылық сайыс.

Қатысушылар: Аналар, балалар, тәрбиешілер.

Қажетті құралдар: Түрлі түсті моншақтар, жіп, ине, құраққа арналған түрлі түсті мата қиындылары, қайшы, желім, дайын үлгілер, марапаттау қағаздары.

Іс-шара барысы

I. Кіріспе бөлім

(Қазақтың күйі орындалады.)

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті аналар, қадірлі қонақтар!

«Шебер ана – өнегелі ұрпақ» атты Аналар мектебінің кезекті отырысына қош келдіңіздер!

Қазақ халқында «Ана көрген тон пішер» деген дана сөз бар. Анадан көрген өнеге – баланың болашақ өміріне азық болатын асыл қазына. Шебер ананың қолынан шыққан әрбір бұйым – еңбекке, ұқыптылыққа, сабырлыққа тәрбиелейтін үлгі.

Бүгінгі кездесуімізде ұлттық қолөнердің қыр-сырын меңгеріп, ана мен бала бірлесіп шығармашылық жұмыстар орындайды.

II. Танымдық бөлім

«Қолөнер – ұлттық мұра»

Жүргізуші:

Қазақ халқының қолөнері – ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігі.

Қолөнердің түрлері:

- кұрақ кұрау;
- кесте тігу;
- моншақпен әшекей жасау;
- киіз басу;
- ши тоқу;
- зергерлік бұйымдар жасау.

Бұл өнер түрлері балаларды еңбекқорлыққа, әсемдікті бағалауға және төзімділікке тәрбиелейді.

III. Шеберлік сағаты

«Моншақтан әсемдік жасайық»

Тәрбиеші моншақ тізудің қарапайым тәсілдерін көрсетеді.

Аналар мен балалар бірге:

- білезік;
- алқа;
- сәндік бұйымдар жасайды.

Жұмыс барысында ұлттық әуендер қойылады.

«Кұрақ көрпе – берекенің белгісі»

Тәрбиеші құрақ құраудың қарапайым үлгісін көрсетеді.

Аналар мен балалар түрлі түсті мата қиындыларынан шағын сәндік құрақ құрастырады.

Жұмыстар көрмеге қойылады.

IV. Ана мен бала сайысы

«Өнерлі отбасы»

1-кезең

«Таныстыру»

Әр отбасы өзін таныстырады.

Мысалы:

«Біз – Сұлтановтар отбасы. Ұлттық дәстүрді дәріптеп, қолөнерді бірге үйренуді жақсы көреміз.»

2-кезең

«Шебер қолдар»

Берілген уақыт ішінде ана мен бала бірге шағын қолөнер бұйымын жасайды.

Бағалау өлшемдері:

- ұқыптылығы;
- шығармашылығы;
- ұлттық нақышы;
- бірлескен жұмысы.

3-кезең

«Мақал – сөздің мәйегі»

Жүргізуші мақалдың басын айтады, қатысушылар жалғастырады.

- Ана көрген... *(тон пішер.)*
- Еңбек етсең... *(ерінбей, тояды қарның тіленбей.)*
- Өнерліге... *(өріс кең.)*
- Шебердің қолы... *(ортақ.)*

4-кезең

«Жұмбақ шешейік»

Қатысушылар қолөнерге байланысты жұмбақтардың шешуін табады.

Мысалы:

*Өзі жіңішке, өзі ұзын,
Киім тігеді күнұзын.
(Ине)*

*Түрлі түсті тізілген,
Әшекей болып түзілген.
(Моншак)*

5-кезең

«Өнерімізді қорғаймыз»

Әр отбасы жасаған бұйымын таныстырады.

- Бұйымның атауы;
- Қалай жасалғаны;
- Қандай мағына беретіні.

V. Көрме

«Шебер ананың қолөнері»

Аналар мен балалардың жасаған жұмыстары қойылып, көрме ұйымдастырылады.

Қонақтар жұмыстармен танысады.

VI. Рефлексия

«Жүректен жүрекке»

Әр ана мына сөйлемді аяқтайды:

- «Бүгін мен...»
- «Балама...»
- «Қолөнердің маңызын...»
- «Отбасымызда...»

VII. Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті аналар!

Бүгін сіздер өз шеберліктеріңізді ғана емес, бала тәрбиесіндегі қамқорлықтарыңыз бен шығармашылық қабілеттеріңізді де көрсеттіңіздер.

Ана мен баланың бірлескен еңбегі – олардың арасындағы сүйіспеншілікті, түсіністікті арттырады. Осындай игі шаралар арқылы ұлттық қолөнеріміз жаңғырып, кейінгі ұрпаққа аманат болып жетеді.

Баршаңызға белсенді қатысып, өнерлеріңізді ортаға салғандарыңыз үшін алғыс айтамыз!

Марапаттау

Барлық қатысушыларға:

- **«Өнерлі отбасы»** дипломы;
- **«Шебер ана»** номинациясы;
- **«Шығармашыл отбасы»** номинациясы;
- Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталады.